

Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 505 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 мамырда № 16895 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 1424 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 26.12.2019 № 1424 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 3 мамырдағы № 505
бұйрығымен бекітілген

Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидалары "Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және биотын өткізу (тиеп жөнелту), алу, өтуі, қайтару, тасымалдау, импорттау және экспорттау бойынша операцияларды жүргізу кезінде, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биотынға ілеспе жүкқұжаттарын (бұдан әрі – БЖҚ) ресімдеу тәртібін белгілейді.

Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

алушы – биотын алу, өтуі, қайтару, тасымалдау, импорттау бойынша операцияларды жүзеге асыратын тұлға;

жеткізуші – биотын өткізу (тиеп жөнелту), өтуі, қайтару, тасымалдау, импорттау және экспорттау бойынша операцияларды жүзеге асыратын тұлға.

2. Биотын өткізу (тиеп жөнелту), өтуі, қайтару, тасымалдау, экспорттау бойынша әрбір операцияларды жүргізу кезінде жеткізушілер БЖҚ міндетті түрде ресімдейді.

Қазақстан Республикасының аумағына биотын импорту кезінде БЖҚ-ты алушы Қазақстан Республикасының аумағына әкелу күнінен кешіктірмей ресімдейді.

2-тарау. БЖҚ ресімдеу тәртібі

3. БЖҚ "Салық төлеушінің кабинеті" (бұдан әрі – бағдарлама) интернет-ресурсы (web-қосымша) арқылы электрондық түрде мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде ресімделеді.

Бағдарлама биотын айналымы саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) Интернет-ресурсында (web-порталында) орналастырылады.

4. БЖҚ-де мынадай деректер көрсетіледі:

1) БЖҚ нөмірі (бағдарлама автоматты түрде береді);

2) ресімдеу күні және уақыты (бағдарлама автоматты түрде береді);

3) операцияның коды (бағдарламаның анықтамасынан алынады);

4) жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН). Импорт кезінде толтырылмайды;

5) биотынды жеткізушінің атауы, оның заңды мекенжайы және орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша мемлекеттік кірістер органның коды (жеткізушінің ЖСН/БСН енгізу кезінде бағдарлама автоматты түрде береді), тиеп жөнелту

мекенжайы (қолмен толтырылады). Импорт кезінде жеткізушінің атауын, оның заңды мекенжайын алушы қолмен толтырады, орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша мемлекеттік кірістер органның коды толтырылмайды;

6) тиеп жөнелту (өткізу) мекенжайының мемлекеттік кірістер органының коды (бағдарламаның көрсетілген тізімінен алынады). Импорт кезінде толтырылмайды;

7) жеткізушінің түрі (бағдарламаның көрсетілген тізімінен алынады);

8) алушының ЖСН/БСН (жеткізуші енгізеді, импорт кезінде алушы енгізеді);

9) алушының атауы, оның заңды мекенжайы (алушының ЖСН/БСН енгізу кезінде бағдарлама автоматты түрде береді), жеткізу (алу) мекенжайы (қолмен толтырылады);

10) жеткізу (алу орны) мекенжайы бойынша мемлекеттік кірістер органының коды (бағдарламаның көрсетілген тізімінен алынады);

11) шарттың немесе шарттың қосымшаларының нөмірі;

12) шарттың күні;

13) көліктің түрі (бағдарламаның көрсетілген тізімінен алынады);

14) тасымалдаушы (жүкті жөнелтуші) туралы мәліметтерде (болған кезде) биоотын тасымалдауды және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын жеке (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.), ЖСН) немесе заңды (атауы, БСН) тұлға туралы деректер көрсетіледі (жеткізуші енгізеді, импорт кезінде алушы енгізеді);

15) көлік құралы туралы мәліметтерде (жеткізуші енгізеді, импорт кезінде алушы енгізеді):

автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде – көлік құралының маркасы, мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісі;

темір жол көлігімен тасымалдау кезінде – вагонның (вагондардың) нөмірі (нөмірлері);

әуе көлігімен тасымалдау кезінде – кеменің атауы және борттың тіркеу нөмірі ;

теңіз немесе ішкі су көлігімен тасымалдау кезінде – кеменің атауы, кеме қатынасының теңіз бойынша тіркеу нөмірі;

құбыржолы арқылы тасымалдау кезінде – құбыржолының атауы көрсетіледі;

16) экспедитор туралы мәліметтерде (болған кезде) экспедитордың, жүргізушінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

17) өткізілетін (тиеп жөнелтілетін) биоотын көлемі (тоннада көрсетіледі);

18) жолдың реттік нөмірі;

19) өнімінің атауы;

20) ыдыс сыйымдылығы (тоннада) (құбыржолы бойынша биоотынды өткізу кезінде толтыру үшін міндетті емес);

21) ыдыстағы саны (данада) (құбыржолы бойынша биоотынды өткізу кезінде толтыру үшін міндетті емес);

22) санның жиыны (тоннада);

23) өнімнің құны (теңгеде) (ішкі өткізу кезінде толтыру міндетті емес);

24) импорт кезінде жеткізуші жазып берген БІЖҚ нөмірі – алушы жазып берген (биоотынды қайтару кезінде, БІЖҚ күшін жою немесе бас тарту кезінде қажеттілік болған жағдайда толтырылады);

25) кестедегі жолдың жалпы саны;

26) басшының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда);

27) бухгалтердің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда);

28) "Жүргізуші" бағанындағы деректер қағаз тасығышта ғана толтырылады. Жүргізушінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) және жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері көрсетіледі. Осы бағанда автокөлікпен тасымалдау кезінде ғана толтырылады.

5. БІЖҚ уәкілетті органның серверіне жіберілгеннен кейін жеткізуші қағаз тасығышта екі данада басып шығарады (импорт кезінде – алушы қағаз тасығышта бір данада басып шығарады) және жеке кәсіпкердің қолымен немесе заңды тұлға басшысының қолымен расталады.

6. Тасымалдаушының (жүкті жөнелтушінің, алушы өкілінің) Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері көрсетілген, қол қойылған қағаз тасығыштағы БІЖҚ-тың бір данасы жеткізушіде қалады (биоотынды импорттауды қоспағанда).

7. БІЖҚ-тың екінші данасы тасымалдаушыға (жүкті жөнелтушіге, алушы өкіліне) биоотынды межелі орынға дейін тасымалдау үшін беріледі (биоотынды импорттауды қоспағанда).

8. Биоотынды межелі орынға дейін жеткізгеннен кейін биоотын алушы тасымалдаушыдан БІЖҚ екінші данасын алады (биоотынды импорттауды қоспағанда).

9. БІЖҚ-ты алушылар БІЖҚ және биоотынды алғанын растау жолымен электрондық түрде уәкілетті органға ұсынады немесе бағдарламада БІЖҚ-ты ресімдеген күннен кейін күнтізбелік жиырма бес күн ішінде бас тартады.

Бағдарламада БІЖҚ-ты растауды алушы биоотынды алғаннан кейін және БІЖҚ-та көрсетілген деректермен алшақтық болмаған кезде жүзеге асырады.

Биоотынды экспорттау және түпкілікті тұтынушыға өткізу кезінде бағдарламада алушының БІЖҚ растауы талап етілмейді.

10. БІЖҚ-тан бас тарту, алғанын растау немесе растамау мерзімі бұзылған жағдайда, бағдарламада автоматты режимде, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес хабарландыру қалыптастырылады.

11. Осы Қағидалардың қосымшасына белгіленген деректерді толық емес және (немесе) дұрыс емес көрсетіп ресімделген БІЖҚ-ды жеткізуші (импорт кезінде – алушымен) осындай БІЖҚ ресімделген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жоюға тиіс.

12. БІЖҚ жойылған жағдайда алушыға (қажет болған кезінде) жолданатын жаңа БІЖҚ жазып беріледі. Жаңа БІЖҚ ресімдеу күнін және уақытын бағдарлама автоматты түрде береді. Жаңа БІЖҚ бастапқы БІЖҚ жойылған күні ресімделеді.

13. БІЖҚ-ты есепке алу бағдарламаның БІЖҚ тіркеу журналында, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша автоматты түрде жүргізіледі.

БІЖҚ ресімделгеннен кейін БІЖҚ тіркеу журналына БІЖҚ түседі және уәкілетті органның серверінде сақталады.

14. Қол қойылған БІЖҚ жеткізушілер мен алушыларда қағаз тасығышта БІЖҚ-ды ресімдеу күні бойынша тізілімге тігіледі және бес жыл ішінде сақталады.

Жеткізушілер мен алушылардың БІЖҚ түпнұсқасын жоғалтуына және бүлдіруіне жол берілмейді.

15. Жеткізуші (алушыны) – заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде қайта ұйымдастырылған тұлға үшін БІЖҚ-ды сақтау жөніндегі міндеттеме оның мирасқорына (құқықтық мирасқорына) жүктеледі.

Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу
қағидаларына
1-қосымша
нысан

1) Ілеспе жүкқұжаттың № _____	
2) Ресімдеу күні және уақыты: _____	
4) Жеткізушінің ЖСН/БСН _____	
5) Жеткізушінің атауы, заңды мекенжайы, орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша мемлекеттік кірістер органның коды мен тиіп жөнелту мекенжайы _____	3) Операцияның коды _____ 8) Алушының ЖСН/БСН _____ 9) Алушының атауы, заңды мекенжайы мен жеткізу мекенжайы _____
6) Тиіп жөнелту мекенжайының мемлекеттік кірістер органының коды: _____	10) Жеткізу мекенжайы бойынша мемлекеттік кірістер органының коды: _____
7) Жеткізушінің түрі _____	
11) Шарттың (шартқа қосымшаның) нөмірі _____	12) Шарттың күні 201_ жылғы "____" _____
13) Көлік түрі: <input type="checkbox"/> Авто <input type="checkbox"/> Темір жол <input type="checkbox"/> Әуе <input type="checkbox"/> Теңіз немесе ішкі су <input type="checkbox"/> <u>Күбыржол</u>	
14) Тасымалдаушы туралы мәліметтер _____	

15) Көлік құралы туралы мәліметтер _____

16) Экспедитор туралы мәліметтер _____

17) Өткізілетін (тиеп жөнелтілетін) биоотын. Барлығы: _____ (тонна)

18	19) Өнімінің атауы	20) Ыдыс сыйымдылығы (тоннада)	21) Ыдыстың саны (данада)	22) Санның жиыны (тоннада)	23) Өнімінің жалпы құны (теңгеде)	24) импорт кезінде жеткізуші жазып берген БІЖҚ нөмірі – алушы жазып берген (биоотынды қайтару кезінде, БІЖҚ күшін жою немесе бас тарту кезінде қажеттілік болған жағдайда толтырылады)

25) Барлығы: _____ жол

26)) Басшының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда): _____
қ о л ы

27) Бухгалтердің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда): _____
қ о л ы

28) Жүргізуші: _____
(Т.А.Ә., (ол болған жағдайда) жеке куәлігінің қолы немесе төлқұжатының сериясы, нөмірі мен берілген күні)
Ескерту: аббревиатураларды ашып жазу:
БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;
БІЖҚ – биоотынға ілеспе жүкқұжат;
ЖСН – жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі;
Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу
қағидаларына
2-қосымша
нысан

Биоотынға ілеспе жүкқұжаттарын мерзімінен кешіктіріп бас тарту, оны растау немесе растамау туралы хабарландыру

201_ жылғы "___" _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы "___" _____ № _____ бұйрығымен бекітілген Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу қағидаларының 10-тармағына с а й к е с

Сізді _____

(салық төлеушінің Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) немесе атауы)

Ж С Н (Б С Н)

Биоотынға ілеспе жүкқұжаттарын растамағаныңыз немесе мерзімінен кешіктіріп бас тартқаныңыз, растамағаныңыз туралы хабардар етеді

(табыс ету нөмірі мен кезеңі)

Осыған байланысты Сіз 5 жұмыс күні ішінде тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органына түсініктеме беруіңіз үшін келуіңіз қажет.

Ескерту: аббревиатураларды ашып жазу:

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН _____ жеке _____ сәйкестендіру нөмірі;
 Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу
 қағидаларына
 3-қосымша
 нысан

Биоотынға ілеспе жүкқұжаттарын тіркеу журналы

БІЖҚ күні БІЖҚ растау / бас тарту/ күшін жою күні
 ____ жылғы _ _ бастап _ жылғы _ _ дейін ____ жылғы _ _ бастап _ жылғы _ _ дейін
 Жеткізушінің ЖСН/БСН _____ Алушының ЖСН/БСН _____
 БІЖҚ нөмірі _____ Алушының атауы _____
 К ү н д е р _____ ө т т і _____
 БІЖҚ мәртебесі: _____

Шимай Бас тартылды Жіберілді Расталды Алынды Жойылды

№	БІЖҚ күні	БІЖҚ нөмірі	Жеткізушінің ЖСН/БСН	Алушының ЖСН/БСН	Операцияның коды	Жеткізушінің түрі	Растау / бас тарту/ күшін жою күні	Күндер өтті	Мәртебесі	Іс-қимыл

Барлығы: _____ көрсетілген жол саны

Ескерту: _____ аббревиатураларды _____ ашып _____ жазу:
 БСН – _____ бизнес сәйкестендіру нөмірі;
 БІЖҚ – _____ биоотынға ілеспе жүкқұжат;
 ЖСН –жеке сәйкестендіру нөмірі.